


Л 2005  
5945

РӘБИҒА СЫЗДЫҚОВА

ЯСАУИ  
“ХИКМЕТТЕРІНІҢ”  
ТІЛІ





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ФЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БЫЛІМІ  
ИНСТИТУТЫ

**РӘБИҒА СЫЗДЫҚОВА**

**ЯСАУИ  
“ХИКМЕТТЕРІНІҢ”  
ТІЛІ**

**Алматы  
Сөздік-Словарь  
2004**

81-26:821.512.1-1

ББК 81

С 94

←

Сыздықова Р.


С 94 Яссайи “хикметтерінің” тілі . – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004.– 552 бет.

ISBN 9965-409-58-7

Кітапта ортағасырлық (XII ғ.) түркі жазба ескерткіші Қожа Ахмет Ясаудің “Хикметтері” тілінің лексика-фразеологиялық құрамы мен құрылымы, морфологиялық құрылымы, фонетика-фонологиялық жүйесі, көркемдік бітімі талданады. “Хикметтердің” ырғак, өлшем, үйқас тәрізді олеңдік белгілері сипатталады. Осы ізденістер арқылы көне, ескі түркі жазбалары тілін зерттеу нәтижесінде жалпы түркологияғынына, жазба әдеби тіл теориясына үлес косу мақсаты көзделеді.

Бұл зерттеу жұмысына нысан (объект) болған қолжазбаның (XVII ғ.) факсимилесі (фотонұсқасы) берілді. Ол қолжазбаның ескі араб жазуынан казіргі графикаға бетпе-бет, жолма-жол дәл көшіріліп транскрипцияланған мәтіні де, сондай-ақ өлең қалпына келтірілген нұсқасы да ұсынылып отыр.

Бұл монографиялық жұмысты арнаулы діни оку орындарының, сондай-ақ университеттердің филология, шығыс тілдері факультеттерінің оқытушылары мен студенттері пайдалана алады. Сонымен қатар бұл кітап түркі жазба ескерткіштері тілінің және казіргі түркі әдеби тілдерінің, оның ішінде қазақ тілінің тарихын танып-білуге табаптанған қалың өкірман қауымға да арналады.



ББК 81

С 4602020400  
00(05)-04

ISBN 9965-409-58-7

© Сыздықова Р., 2004  
© “Сөздік-Словарь” 2004

---

## Алғы сөз

Сонғы онжылдықтарда қазақ мәдениетінде XII ғасырдың жазба ескерткіші – Ясауи “Хикметтеріне” айрықша назар аударыла бастады. Қожа Ахмет Ясаудің діни бағыты, қызметі, суфистік ағым (суфизм), оның идеологиялық мазмұны, Ясауи мұрасының бүгінгі қоғамда алатын орны, мәні тарихшылардың, діндер тарихын зерттеушілердің, мәдениеттанушылардың, философтардың, әдебиеттанушылардың, теологтардың тарарапынан жан-жақты сөз бола бастады, ғылыми ізденістер жарық көрді. Бірақ Ясауи мұрасының тілін, поэтикасын талдап, арнайы жазылған монографиялық зерттеулер бізде, қазақ ғылымында, әлі жоқ. Біздің бұл жұмыссымыз осы кетіктің бір-екі кірпішін қалауға арналады.

Аталған еңбектің жалпы қазақ филологиясы үшін де, жалпы түркологиялық ғылым саласы үшін де өзектілігі даусыз. Өйткені бүгінгі қоғамымызда рухани қажеттілік – ислам дініне дең қойып, оған қатысты дүниелерді біліп-тәнап жатқанда, Ясаудің діни ілімін, сол ілім – суфизмді насихаттаған, халыққа таратқан құралы – “Хикметтер” атты “даналық сөздерін” жақсы білу үшін оның тілімен де, көркемдік бітімімен де жақсы танысу қажет, қалың жұртшылықты, мамандарды дұрыс таныстыру керек. Осындай міндеттерді орындау мақсатымен ұсынылып отырған еңбекте Ясауи хикметтерінің лексикасы мен фразеологиясы, морфологиялық құрылымы мен фонетикалық, фонологиялық жүйесін, стильдік ерекшеліктері мен көркемдік сипаттың біршама талдадық. Негізгі материал ретінде XVII ғасырда хатқа түскен бір қолжазбаны пайдаландық. Ол – XIX ғасырдың соңғы кезінде Самарқанд қаласынан табылып, кейін Санкт-Петербургке акад. К.Г.Залеман алып кеткен, ең әріден сақталған (XVII ғасырдың соңғы кезінен) қолжазба, сонымен катар салыстыру, қолжазба мәтініндегі кемшін (ақаулы) түстарды түсініп, дұрыс оқу мақсатымен Ясауи хикметтерінің Қазан қаласында XIX-XX ғасырларда жарық көрген басылымда-

ры іске қосылды. Зерттеу нәтижесінде жалпы түркологияға, жазба әдеби тіл теориясына, түркі әдеби тілдерінің, оның ішінде қазақ әдеби тілінің қайнар көздері мен даму барысын анықтауға белгілі бір үлес косу көзделді.

Алдын ала қатты ескертептік – жалғыз осы еңбекпен білім-танымның “Ясауи тілі” атты үлкен, күрделі саласы толық зерттеліп болды деп айтуда мүлдем болмайтындығы. Эрі қарайғы ізденистерде:

Ясауи “Хикметтері” тілінің жеке басылымдары бойынша да, қолжазбалары бойынша да түсіндірме сөздігін жасау;

өлең архитектоникасын (құрылымын) кеңінен талдау;

көріктеуіш амалдары мен олардың тілдік-стильдік механизмін жеке монографиялық ғылыми жұмыстың нысаны ету;

Ясауи поэтикалық мектебінің әрі қарайғы даму, жалғасу процесін бақылап, қазіргі түркі мәдениетіне, оның ішінде қазақ көркем сөзіне жасаған ықпалын, қалдырган іздерін нақты фактілермен көрсету;

хикметтердің қолжазбалары мен басылымдарына текстологиялық жұмыстар жүргізу, оларды салыстырып, айырмашылықтарын табу, солар арқылы мәтін, мәтін түзілімі тақырыптарына бару;

ескерткіш тілінің когнитивтік құрылымы (жүйесі) деген сияқты қыруар міндеттер (тақырыптар, тіпті проблемалар) түр дегенді баса айтамыз. Эрине, бұлар бір зерттеушінің бірекі жылдық шаруасы емес, дегенмен көрсетілген жұмыс түрлері қолға алу уақыты жеткен, бүгінгі күн және ертеңгі күн сұранысына жауап беретін білім-ғылым түрі екенін де ескерсек.

Ескерткіш мәтінінде айтарлықтай орын алатын араб, парсы сөздерін дұрыс транскрипциялап, кейбірінің мағыналарын талдау жұмысына көмектескен араб тілінің маманы жасғалым Баян Жұбатоваға алғысымды айтамын.

Қолжазба мәтіндегі араб, парсы сөздерінің арабша-қазақша, парсыша-қазақша қысқаша сөздігін жасаған – филологияға ғылымдарының кандидаты, доцент **Баян Жұбатова**. Сөздікке қазақ тіліне ертеден еніп, қалыптасқан, мағыналары түсінкіті сөздер енген жоқ.

Жұмыспен танысып, ондағы кемшіліктер мен ақауларды байқап, пікір айтатын оқырмандарға да алдын ала ризалық білдіремін.

## ҚОЛЖАЗБАДАҒЫ АРАБ ӘЛІПБІІ МЕН ОНЫҢ ТРАНСКРИПЦИЯСЫ

ا - ā, ē	خ - ḫ
ا - a, ā, e, ē	ف - f
ب - b	ق - q
پ - p	م - m
ت - t	ن - n
ث - c	و - o, ē, y, y, ӯ, ӯ
ج - ж	ه - h
چ - ч	ي - i, ī, ī, ы, ī, ī
خ - x	ك - k
ح - x	أ - a, ā, e
د - d	ل - l
ذ - z	فاطха - ē
ر - r	کесра - e, ī
ڙ - ڙ	алиф - a
ڙ - ڙ	ء - ī
س - c	ڪ - k, گ
ش - ش	خامза - ’
ص - c	
ض - ڙ	
ط - t	
ڻ - ڙ	
ع - ‘	

---

## KIPICPE TARAU

### Қожа Ахмет Ясауи, оның өмірбаяны, мұрасы және суфизм туралы қысқаша мәлімет

Қожа Ахмет Ясауи сияқты ірі тұлғаның өмірі, туып-өскен, тәлім-тәrbие алған ортасы, ислам діні тарихындағы орны, сол діннің уағыздары арқылы білдірген идеологиясы танымдық та, ғылыми да түрғыдан кеңінен сөз болып келеді. Бұл жөнінде том-том еңбектер, құнды-құнды мақала-очерктер жазылды, жазылып та жатыр. Ясаудің түркі халықтарының рухани-мәдени өміріндегі рөлі мен қызметі, қалдырған поэтикалық дүниесі жап-жақсы зерттеліп келді, зерттелуде. Ұлы шейх “даналық сөздер” (“хикметтер”) деп атаған мұрасын қалдырды, мұның да дін тарихындағы мән-мазмұнын, таралуын, сакталу жайын сөз еткен еңбектер де баршылық. Ал Ясаудің есімінің де, “Хикметтерінің” де сан ғасыр ұмытылмай сакталып келе жатуының сыры неде? Ясауи өмір сүрген XII ғасырдан бұрын пайда болған суфизм ағымы деген немене, ол ағым жергілікті қалың бұқара арасында неліктен қолдау тапты дегендерді бүгінгі оқырманға түсіндіріп беру – ислам дінінде идеологиялық негізін, тарихын зерттеушілердің, мәдениеттанушылардың міндеті болды. Діни ағымдардың, оның ішінде түркілер арасында тараған суфизмнің әлеуметтік мәнін анықтауда дүние жүзіне аттары мәлім шетелдік ғалымдар мен атақты орыс білімпаздарынан бастап, қазақ зерттеушілерінің еңбектерін атап, пікірлерін баяндап шығу – бұл жұмыста біздің негізгі міндетіміз емес (ол өз алдына бірнеше монографиялық жұмыстардың нысаны екені даусыз).

Дегенмен Ясауи жайында баршаға белгілі мағлұматтарды келте қайырып еске салсақ, ол қазіргі қазақ жерінде, Түркістан алқабында (Сайрам, Ясы маңында) XII ғасырдың бас кезінде Ибраһим Махмуд шейхтың отбасында дүниеге

келген. Ясаудің балалық шағы, оқуы, тәрбие алызы жайында аныз-әңгімелерге де барып үштасатын, біршама шындыққа да жанасатын мәлімет-деректер бар. Бір аңыздарға қараганда, Ясауи Түркістандағы мешіт-медреседе оқып жүргенде, түріктің бір ғалымы зеректігіне қызығып, Иран жаққа окуға алып кетеді, сонда көп жыл оқып, туған жеріне оралады. Бұны Ясауи мұрасына көбірек назар аударып, жұмыс жазып келе жатқан Сәрсенбі Дәуітовтің мақаласынан оқимыз. Осы мақаласында зерттеуші Ә.Қоңыратбаевтың да мағлұматы басқаша екенін көлтіреді. Мұнда Қожа Ахмет Бұхар шаһарында сопы Жұсіп Хамаданидан білім алған болып танылады<sup>1</sup>. Орыс зерттеушілерінде де Ясаудің өміrbаяндық деректері әр түрлі, бірақ көбіндегі Ясаудің сауатын ашып, оқып, әрі қарай білім-ғылыммен сусындаған жері – балалық шағында Түркістан өнірі, кейін Бұхар шаһары болып баяндалады. Сірә, дұрысы осы болар.

Ясаудің нәсілдік тегіне (сүйегіне) қарай берілген аты **Хожа** есімінің мағынасын, ол хожалардың әлеуметтік орнын, қазактар үшін олардың кім болғанын, сондай-ақ Ясаудеген ат оның туған жеріне қарап қойылған лақап аты екенін, өз ныспысы Ахмет екендігін өлең жолдарынан көлтірген мысалдарымен дәлелдеген жақсы материал Құдайберген Жұбанов пен Жанғазы Жолаевтікі, бірақ бұл ғалымдар Ясаудің өміrbаянын кеңінен зерттей алмаған, сондықтан бұл жөнінде бұларда мәліметтер жоқ.

Ал соңғы 10-15 жылдың барысында жарық көрген зерттеулерге сүйенсек, Ясауи жеті жасында әке-шешеден жетім қалып, жергілікті шейх Арыстан бабтың тәрбиесінде болады, одан бастауыш білім алады, өсе келе Бұхарға барып, Жұсіп Хамаданиге шәкірт болады. Кейін туған жеріне оралып, діни қызмет атқарады. Күнкөріс жолында қолөнершілікпен шұғылданады, қарапайым енбекқорлардың мұддесін корғайды, исламның жергілікті сопылық үйымин құрады.

Сонымен, Ясауи – көзі ашық, сауаты бар қатардағы жайдіндар емес, жалпы білім-ғылымнан, әсіресе теология, философия салаларынан терен білімі бар және ол білімді қажетке (сопылық ағымға) қарай жұмсай білген, өзгелерге де үйретіп, шәкірттер тәрбиелеген, өз кезеңінің үлкен білімдар адамы болғандығы көміл.

<sup>1</sup> Дәуітов С. Ҳазірет Султан Қожа Ахмет Йасауи. – ҚР ҰҒА-ның Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1995, 1. 32-33-беттер.

Ал сопылық ағым (суфизм) дегеніміз не? Бұл жайында да көп мәлімет бар. Мұхаммед пайғамбардың тікелей үрпағы Идрис Шахтан бастап, қоپтеген щетел, орыс ғалымдары суфизмнің тарихы мен мазмұнын баяндап берді. Солардың ішінде біз қазақ зерттеушісі К.Х.Тәжікованың әлемдік мәдениет тарихындағы исламның алатын орны және оның ағымдарының бірі мистикалық-аскеттік ағым – суфизм туралы жазғандарын басшылыққа алдык.

Ясауи ұстаған діни ағымды, оның идеологиясын түсінуде біз үшін К.Х.Тәжікованың 1989 жылы жарияланған “Ислам: дүниетаным, идеология, саясат” деген еңбегінің құндылығы – ғылыми талдауларының дәлелді, жүйелі екендігімен қатар, мұнда жалпы ортағасырлық мұсылмандық суфизм туралы, оның қазақ жерінің онтүстігі мен Орта Азияда көрінген формалары жайында, бұл ағымның пайда болу уәждері мен идеологиясы хაқында көнінен жақсы баяндалған. Еңбектің бір тарауы Ясаудің діни қызметі мен шығармашылығына арналған.

Ясауи есімі кай қырынан (аспектіден) аталса да, исламның идеологиялық бір ағымы – суфизм қоса сөз болып отырылады. Исламдағы суфизм – Ясауи кезеңінен, яғни XII гасырдан бұрын пайда болған мистикалық-аскеттік ағым. Ол идеологиясы мен теориялық мазмұны жағынан кәнігі (қалыптағы немесе ресми ортодоксальдық) исламға оппозиция құрайтын тармақ. Оппозиция дегеніміз белгілі бір саясатқа, белгілі бір көзқарасқа өз саясатын, өз көзқарасын қарама-қарсы қоюшылық, қарсылық білдірушілік болса, суфизм исламның кейбір дәстүрлі (ресми, ортодоксальды) догматтарын қабылдамаушылық. Оның ғылыми түсініктемесін келтірсек: “Суфизмдегі құдай – абстрактілі, жеке өзіндігі жоқ бастау. Ол туралы Құранда айтылатындаид, оның көкте болуы мүлдем міндетті емес. Ясауде құдайдың бейнесі ... бірде от түрінде, бірде күн түрінде, енді бірде теңіз т.б. түрінде көрінеді. Тиісінше, адам да бұл стихияның бір бөлігі болып, өзінің алғашқы бастауына, яғни құдайға оралуға бет бүрады ... адам құдайдың бір бөлігі ретінде онымен табысады, құдайға қосылады, жалғасады.... . Құдайды тану – сопылар үшін бүкіл өмірінің мәні. Адам құдайдың бір бөлігі ретінде өзін тануы керек”<sup>2</sup>.

<sup>2</sup> Тәжікова К.Х. Ислам: дүниетаным, идеология, саясат. А., 1989, 103-104-беттер.

Ясауи ілімі – құдайды табиғатпен тенденстіретін, табиғатты құдайдың өзіне сінген деп қарайтын мистикалық пантеизмнің көрінісі. Адам да табиғаттың бір болігі, демек, құдайды тану үшін әуелі адам өзін тануы керек, ол танымды мешіт пен дін басыларының қызыметінсіз, зікір салу (құдайды еске алу) арқылы жүзеге асыруға болады дейді сопылар ілімі. Ал құдайды танудың негізі моральдық талаптарды орындау, яғни суфизмнің этикалық нормасы бойынша адам бойында даңққумарлық, құншілдік, екіжүзділік, надандық, кекшілдік, алдау сияқты жағымсыз қасиеттер болмауы керек. Қысқасы, Ясауи ұстанған суфизм жалпы адамзаттық идеяларды: т е ң д і к т і, Ә д і л е т т і л і к т і, ж а қ с ы і с - Ә р е к е т т е р д і үағыздады, бұлар халықтың көпшілік бөлігінің көңіл-күйі мен арман-тілегіне сай келді.

Оппозициялық сипат ала тұра, Ясаудің сопылық ілімі ортодоксальды (ресми) исламды мұлде жоққа шығармайды, онымен ашық айтыспайды. Керісінше, зерттеушілердің дұрыс көрсеткенідей, суфизм – исламның бір бұтағы болғандықтан, кейбір догматтары онымен үштасып жатады. Исламның (сірә, қай діннің де) негізгі идеологиясы м о р а л ь д ы қ и г і қ а с и е т т е р д і ү ағы з д а у, адамгершілік қасиеттердің жетілдіру принциптерін ұстану. Ясауи ілімінің танымынша, мораль мен суфизм бір, суфизм – адамгершіліктің бір түрі. Міне, суфизмді қалың жүртшылықтың жақсы қабылдауы Ясауи мен оның мұридтерін пір тұтуының бір сыры осында жатса керек және бұған суфизм ұсынған “ерік бостандығы” дегендін әсер етуі даусыз. Ерік бостандығы адам құдайға белгілі бір тәртіппен (бес мезгіл намаз оку, дін басыларының айтқандарына мұлтіксіз мойынсұну сияқтылармен) құлдық ұрмауы керек. Ерік бостандығының шарты (ен жоғарғы сатысы) өмірдегі барлық ләззаттардан, оның ішінде шектен тыс баюдан, ашқөздікten аулақ болуды үағыздайды. Бұл тұста, әрине, ресми ислам мен суфизмнің қағидалары үштасып кетеді.

Сірә, қалың бұқара Ясаудің оппозициялық бағытын ғана қолдағандықтан сонына ерді деп үзілді-кесілді айтуға да болмас. Ол кезенде жергілікті көшпелі түркі тайпалары, тіпті отырықшы тұрғындары да ислам дінінің қыры-сырын жақсы біліп, қалыпты догматтар мен оппозициялық таным-сенімдерді жақсы айырмауы да мүмкін. Ясаудің еңбегі – өзі негізін қалаған суфистік ілімінің догматтарын үағыздау

үшін өлеңмен айтқан даналық создерінің көпшілік қауымға құшті өсер еткендігінде деуге болады. “Хикметтер”, тегінде, екі үлкен міндеп атқарған сияқты, бірі – халықтың рухани сұранысы – дінге ден қойғызыса, екіншісі – халықтың коркемдік-эстетикалық сұранысын отеген. Өйткені хикметтер жергілікті түркі тайпалары – қыпшақтар мен оғұздардың әріден келе жатқан поэтикалық дүниелерінін (Боровковша, “шамандар жырының”) үлгісін пайдаланған, сөз-образдары да дәстүрлі халық қолданыстарынан алғынған. Сондықтан үні, рухы, лебізі жағынан хикметтер жергілікті түргындардың тындауына, өздері де жаттап алып, айтып жүруіне онтайлы болған деп ойлаймыз. Бұл жөнінде түрік ғалымы Кемал Ераслан да осындағы пікір айтады. Фалым діни-мистикалық халық әдебиеті исламнан бұрынғы түркі әдебиетінің ықпалымен дамыды (үйқас, өлшем, ырғақ)... Ол классикалық әдебиеттен де, маҳабbat лирикасынан да, дастандардан да оқшаша түр деген өте құнды ой-тұжырымдарын білдіреді<sup>3</sup>.

Демек, Ясаудің аты мен ілімін кеңірек жайып, сан ғасыр сақтап келуіне себепкер болған факторлардың бірі емес, бірегейі, біздің топшылауымызша, “Хикметтер” сияқты әсем поэтикалық дүние болған деп ойлаймыз. “Хикметтер” кезінде ауызша да тараған. Оның мазмұны мен көркемдігінің мықтылығы сондай, бұл кейін поэтикалық мектепке үйіткы болған, Ясауи хикметтерінің жанры мен стилінің үлгісінде кейінгі кезендерде ондаған сопы ақындар көптеген туындылар үсінғанын білеміз. Біз бұл жұмыста суфизм туралы оны зерттеушілермен пікір сыйстыру, қайткенде де өз оймызды білдіру мақсатынан аулақпыз, бізге керегі – Ясауи хикметтеріндегі осы діни ағымға қатысты терминдер мен жеке сөздердің мән-мағынасын ашу, көріктеу амалдарының ішінде аллегорияға неліктен көбірек йек артатының дәлелдеу деген сияқты таза лингвистикалық, лингвосоциалистикалық мәселелерді шешүге негіз болатын тұжырымдармен қыскаша таныстырып оту болды.

Сойтіп, ислам дінінің түркі тайпаларының арасында жайылып, беки түсініе, халықтың санасына сінісе беруіне Ясаудің ілімі зор қызмет атқарған. Бұл күнде көптеген түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының да Ясауи

<sup>3</sup> D-r Kemal Eraslan. Xikmet gelenegi. Ankara, 1982. 153-бет.

есіміне, оның мұрасына ерекші назар аударып, теренірек зерттеле бастауы, “Хикметтер” қазак тіліне аударылып, баспа беттерін көріп жатқаны, тиісті оқу орындарында оқытыла бастауы – осылардың баршасында негізгі көзделген мақсат – Ясаудің қалыпты исламға оппозициялық бағыт ұстағандығын дәріптеуі емес (мұны көпшілік қауым тіпті жөнді білмейді де), исламға қызмет еткендігін таныту. Сол арқылы бүгінгі қоғам өмірінде ислам дінінің м о р а л ь д ы қ, и д е - о л о г и я л ы қ, ф и л о с о ф и я л ы қ негіздерін орнықтыра түсу деп ойлаймыз.

Біздің Ясауи мұрасының тілін ғылыми-танымдық зерттеу объектіміз етіп таңдауымыз – осындай кең ауқымды әлеуметтік, рухани сұранысты өтеуге саятын проблеманың бір қыры.

Ясауи мұрасын бүгінгі қауымның жақсы қабылдауының себебін түсіндіруде “Хикметтер” Құраннан тікелей жасалған көркем дүние сияқты” деп танитындар да бар<sup>4</sup>. Бұл – біршама пафостық (көтеріңкі) үні бар баға болғанмен, бүгінгі біз танысып жатқан Ясауи хикметтерінің ислам дінінің қасиетті уағыздарымен таныстыратын құралдың бірі болып отырғанын мойындалады.

Белгілі орыс түркітанушы ғалымы А.К.Боровков: “Ясауи өлеңдерінің көзі (ұлгісі, прототипі) Сырдарияның төменгі ағысын жайлаган көшпелі түркі тайпаларының халықтық поэзиясы” дейді . Ол өлеңдер түркі тілінде белгілі бір поэтикалық жанрды қалыптастырып, дәстүрге айналдырғанын және бұл дәстүрдің Ясауиден кейін бірнеше жүзжылдықтар бойы жалғасып келгенін баса айтады<sup>5</sup>. Тағы бір көніл аударатын жайт, ол – “Хикметтер” деп аталатын өлеңдер алқа-қотан отырып, дауыстап айтуда (зікір салуға) арналғандықтан, бұларды жаттап, ауызша таратудың да орын алғандығы. А.К.Боровковтың топшылауынша, Ясауи хикметтерінің хатқа түсіп, топтама (жинақ, диуан) түрінде тарапала бастауы XV ғасырдың екінші жартысынан бермен қарайғана болса керек. Диуандарды құрастыру ісінде хикмет айтушы авторлардың араласып кетуі, өлең мәтіндеріне өзгерістер енгізілуі (“редакциялануы”) сияқты фактілердің орын алға-

<sup>4</sup> Дәүітов С. Хожа Ахмет Йассауи. – “Егемен Қазакстан”. 6.03.1993.

<sup>5</sup> Боровков А.К. Очерки по истории узбекского языка (определение языка хикметов Ахмада Ясеви). – “Советское востоковедение”. Т.5. М.-Л., 1948.

ны да айтылып келеді. Сол себептен Ясауи хикметтері деп жүргендеріміздің баршасы түгел даусыз Ясауи мұрасы емес екендігін П.М.Мелиоранский де, проф. Ф.Көпрулұ де, А.К.Боровков та, тағы басқа зерттеушілер де ашық айтқанды. А.К.Боровков хикметтер жазған өзге де авторлардың материалдарын қарап отырып, хикмет атаулының барлығы, онын ішінде Ясаудікі деп диуан (жинак, топтама) түрінде колжазбалар мен басылымдарда ұсынып жүрген өлеңдердің баршасы түгел Ясаудікі еместігін айтады. Ұлы шейхтың үшінші ізбасары Хакім ата Сулейманнан (Бақырганидан) бастап, көптеген сопылар хикметтер жанрын әрі қарай жалғастырған дейді. Зерттей келе Ахмет Ясауи мен ізбасары Хакім атаның аттарының айналасына топтанып, жүздеген жылдар бойы олардың әрі ілімін, әрі поэтикалық мектебін жалғастырып, хикметтер жанрындағы шығармаларын ұсынған отызға жуық автордың есімдерін атап көрсетеді. Олар: 1. Азим. 2. Асад. 3. Байза. 4. Бехбуди. 5. Гадам. 6. Гаріб. 7. Гызали. 8. Икани. 9. Қасым. 10. Джани. 11. Мачин. 12. Машраб. 13. Молла Базар. 14. Надири. 15. Насими. 16. Сабри. 17. Сайфаддин. 18. Тадж. 19. Тафи. 20. Тимури. 21. Убайди. 22. Факири. 23. Хаким-ата. 24. Хубби. 25. Худайдад. 26. Шамсәддин. 27. Шарафи. 28. Шариф. 29. Шуҳуди<sup>6</sup>.

Әрине, бұл тізім үзілді-кесліді осы түрде болмауы мүмкін, хикметтер авторларының есімдері қосылуы да, түзетілуі де ықтимал. Біз бұл тізімді әдейі келтіріп отырған себебіміз А.К.Боровковтың аталған енбегі (дәлірек айтсақ, бұл мақала-очеркі жарияланған журнал) бұл күнде табыла бермейтін, екінің бірінің қолында жок, сирек дүниеге айналғанын ескеріп, Ясауи мен оның мектебін зерттеуші жас ғалымдарға әдейі ұсынып отырмыз. Іздесін. Әрқайсысының мұрасын жеке-жеке зерттесін. Фалым өзі көрсеткен авторлардың бірқатарының (Икани, Худайдад, Гаріб, Шариф, Сайфаддин т.б.) есімдерін таныстырып, шығармаларынан (Шығыс колжазбалары институтында сақталған материалдардан) үзінділер келтіріп, өз пікірін дәлелдейді. Қожа Ахметтің “менің бір дәптерімде жүз мың хикмет бар” десе, екінші бір жерде “4400, тағы бірде 9900 хикмет айттым” деген, әрине,

<sup>6</sup> Боровков А.К. Көрсетілген жұмыс. 236-бет.

Біз бұл тізімді автордың орыс тілінде жарияланған енбегі бойынша адам аттарының орысша көрсетілген күйінде беріп отырмыз.

өсірелеп (гипербола түрінде) айтқаны екенін де ескертеді. Ал А.К.Боровков әрбір өлеңнің (хикметтің) соңғы шумағында құл *Aхмад*, мискин *Aхмад*, ыа *Aхмад* сияқты жалқы есімдер келген хикметтерді Ясаудікі деп танута болар деген ойын да білдіреді.

Ал әр хикметтің ең соңғы шумағында жалқы есімді келтіру – тек авторлықты білдіру амалы ғана емес, әр өлеңнің шегін көрсететін, яғни біреуінің аяқталып, екіншісіне кону “су айырығы” іспетті стильдік элемент. Әрине, өлең жіктерін көрсететін ең басты амал – үйқас бірлігі. Бұл жанрда әрбір хикмет бөлек-бөлек өлең түрінде ұсынылатындықтан, тұтас бір өлең бір ғана үйқаспен, негізінен, төрт тармақты шумактың әрбір төртінші жолы өзара үйқасып отыруымен ерекшеленеді (ол жайында өлең құрылышын сөз еткен тарауда кеңірек айтылады). Осы ретпен келсек, біз зерделеп отырған қолжазбада ең жиі кездесетін “жол айырық” есім – *Құл Қожа Ахмет*. Ол 45 хикметте келген. Оның үстіне бұл есім тағы 5 хикметте болуға тиіс, өйткені өлеңнің бұл есімдер аталған соңғы жолдары не жазылмай қалған, не қолжазба қағазы жыртылып қалған. Қолжазбада *Құл Хожа Ахмәд* дегеннен басқа тек қана *Ахмәд* деген есім 4 хикметте ұшырасады. Сондай-ақ *Ахмәд* жалқы есімі *дана*, мискин, *хожса*, құл деген эпитеттермен де келген. Үш хикметте *Султан Ахмәд* деген тіркесті де кездестіреміз. Ал *Йасауи* есімі өте сирек кездеседі. Жеке *Йасауи* сөзі бір ғана хикметте, қалғандарында мискин *Йасауи*, мискин *Ахмәд* *Йасауи* болып келеді. *Құл Хожа Ахмәд* *Йасауи*, мискин *Хожса Ахмәд* *Йасауи*, *Султан Хожа Ахмәд* *Йасауи* деп “толық” атап бір-бір реттен ғана хатка түсken. Екі хикметте *Ахмәд* есімі *Ахмәди* болып жазылған. Самарқанд қолжазбасында екі хикметте ғана (26, 69) жалқы есім көрсетілмеген, ол екі өлең Қазан басылымында жок. Соңғы шумактарында *Ахмәд*, *Ахмәди* есімдерімен келетін бірқатар хикметтерді А.К.Боровков осы аттас басқа авторлардың шығармалары болуы мүмкін деп топшылайды. Бірақ стилі мен мазмұны (идеясы) жағынан бұлардың авторлығын ажырату өте қызын.

Ал тек қана *Ахмәд* *Йасауи* деп келетін хикмет қолжазбада екеу-ақ. Сондықтан, біздің топшылауымызша, *Құл Хожа Ахмәд* есімімен келген хикметтер авторлығын танытуға икемділеу сияқты, өйткені бұл құрделі атап-есім Қазан басылымдарында ең жиі ұшырасады. Ясауи мұрасының 1904

жылғы Қазан басылымындағы 153 хикметтің 109-ында осы тіркес-есім жазылған. Ал бұл кітапта Залеман қолжазбасында жок *Ей Ахмәд* (21-хикмет), *Хожа* (127-хикмет), *Ахмәд-и* (53, 103, 128-хикметтерде), *Құл Ахмәди* (68-хикмет), *Йасауи мискин Ахмәд* (88-хикмет), *Құл Fариб* (102-хикмет), *Ахмәда бин Ибраһим* (135-хикмет) деген есімдер бар. Тек үш хикметте (16, 126, 142) ешбір жалқы есім жоқ. Дегенмен бұл “авторлық көрсеткіш-есімдердің” бірде-біреуі хикмет иесін үзілді-кеілді атауга мүмкіндік (дәлірек айтсақ, “құқық”) бермейді, өйткені бұлар әр қолжазбада, әр басылымда құбылышп отырады: эпитеттері өзгеше келеді, қолжазбалар мен басылымдардың арасында бірдейлік жоқ. Мысалы, Самарқанд қолжазбасындағы 16-хикметтегі *Ахмәд Йасауи* есімі басылымдарда *мискин за 'иф Хожа Ахмәд* (1904 жыл, 147-хикмет). Сірә, *Хожа Ахмәд* есімі сонында *Йасауи* сөзі келсін, келмесін ұлы шейхқа халық арасында біршама орныққан кәнігі аты (аталуы) болса керек және бұлайша атау тек Ясаудің өз заманындаған емес, кейінгі үрпактардың құлақтарына сіңімді болғанға үқсайды. Бұл есімдердің ішінде құл, *мискин* деген эпитеттер автордың өз қалауынша қосылуы мүмкін, ал *султан, дана* деген “асқақ” сөздерді өзгелер, өсіресе *Ясауи іліміне, шығармашылығына* мейлінше бас иген, қадір тұтқандар қосып айтуы нанымды. Автор (*Ясауи*), сөз жоқ, өзін құдайдың құлы, немесе *мискин* (Алланың құлдығына бас июші) деп атауы суфизм ілімінің идеологиясына сай келеді, ал өзін өзі *дана, султан* деп мадақтауы, әрине, қисынға келмейді.

Сойтіл, әр хикметтің соңғы шумағында жалқы есімнін аталуы – осы әдебиет үлгісінің жанрлық белгілерінің бірі болған. Бұл есім, бір жағынан, әр өлеңнің аяқталған шегін көрсететін, яғни әрбір зікірдің аккорды (соңғы үні – Аллаh ақбары) болса, екінші жағынан, автордың, яғни бас шейхтың атын атау арқылы сопылық орденнің жақтастарын тартатын қаратпа сөз ретіндегі стильдік құрал болып шыққан. Бұл жердегі жалқы есім хикмет авторын атаудан гөрі осы жанрдың стильдік қызметін атқаратын тілдік элемент деп қаралған жөн. Өйткені хикмет сонындағы жалқы есім кейбірінде II жақтағы қаратпа сөз болып келсе, екінші біреулерінде сөйлемнің III жақтағы бастауышы, үшінші біреулерінде автордың өзі болып I жақтан ауызға алынады. Мысалдар (фактілер):

Құл Хожа Ахмад йашын йетті йікірмә бір,  
Нә қылғайсон йазуқларың тағдын ағыр.

‘азаб қылса қиййаматта игем қадир  
Айа дустлар нүчүк жауаб айгүм мән-а

(1904 жылғы кітапта 3,  
қолжазбада 2-хикмет).

Мұндағы Құл Хожа Ахмет деп автор сөзін өзіне қарата айтады, мұны өлеңдің соңғы тармақтарының морфологиялық бітімі танытады: етістік тұлғалары мен тәүелдік жалғаулы сөздер және есімдік I жактан беріліп тұр (*айгүм, игем, мән-а*).

Келесі өлеңдің соңғы шумағына көніл аударалық:

Құл Хожа Ахмәд ‘ашиқ болсаң жандын кечкіл  
Андын соңра шауқ шарабын тоійуб ічкіл.  
Гунаһынца сабук қылыб анда ұчқыл  
‘ашиқлары учмағ сәры ұчар ерміш

(*кітапта 87, қолжазбада 6-хикмет*).

Мұнда да сөз өзіне – Құл Хожа Ахметке арналып айтылған, грамматикалық көрсеткіштер II жактан берілген: *болсаң, кечкіл, ічкіл, гунаһың, ұчқыл*.

Сөйтіп, хикмет соңында айтылған жалқы есімді өлең иесінің (авторының) жай ғана атауы деп емес, белгілі бір стильдік мақсатта қолданылған “танбалық” (мотивированный) элемент деп тану керек.

## Ясауи тілінің зерттелуі

ХХ ғасырдың соңғы онжылдығынан бастап Қазақстанның дербес тәуелсіз ел деп танылып, қазақ халқының саяси-рухани азаттыққа ие болуы, осының нәтижесінде әлеуметтік, идеологиялық ахуалының өзгеруі – осылардың баршасы үлттық сананың, жеке адамдардың рухани дүниесінің жана сипат алуына, жаңа сатыға көтерілуіне алып келді. Коммунистік идеология мен социализм мұраттары ығысты, олардың орнын басатын жаңа рухани-мәдени сұраныстар дүниеге келді. Жеке адамның рухани түлеуі басталды. Бұл үшін қазақ халқының дінге, ислам дініне дең қоя бастағаны,

ескіні жанғыртып, ұмыт болғанды еске алу қарекетінсі кіріскені – бүгінгі тарихи шындық. Ислам дінін дұрыс ұстануға бет бүрганымыздың белгісі: қөтеп мешіттер тұрғызылды, діни оқу орындары ашылды, дін қызметшілері құрметтеле бастады, жеке басылымдар мен құнделікті баспасоз беттерінде ислам дінінің негіздері, шарттары түсіндіріле бастады...

Міне, осындағы қыруар қам-қарекеттердің ішінде XII ғасырда жасап өткен, түркі халықтары арасындағы белгілі діни-идеологиялық ағымның негізін қалаған Қожа Ахмет Ясаудің қызметі мен шығармашағының айрықша назар аударылып, оның “Хикметтер” деп аталатын поэтикалық мұрасы бүгінгі жүртшылыққа ұсынылып отыр, ол қазақ тіліне аударылып, қөтеп жарыққа шығарылуда.

Ислам дінінің бүгінгі қазақ халқының және еліміздегі өзге де мұсылман жүрттардың рухани өміріндегі орны мен қызметіне, өткендегі тарихы мен бүгінгі күй-жайына мейлінше назар аудару тек практикалық іс-әрекеттер саласында ғана емес, білім мен ғылым өрісінде де орын алып отыр. Қазақ ғылымында “Ясауитану” саласы дүниеге келді.

Қазақстандағы ясауитану 1990 жылы қазан айында Түркістан қаласында “Ясау әлемі” атты “Дөңгелек үстелде” откізілген халықаралық жиыннан бермен қарай жандана бастады деуге болады. Мұнда тарихшылар мен философтар, мәдениеттанушылар мен әдебиетшілер, тіл мамандары болып, Ясаудің идеологиясы мен философиялық ой-толғамдарын, жырлаған тақырыбы мен діни, гуманистік үгіт-наси-хаттарын, “Хикметтерінің” тілі мен көркемдігін сөз еткен баяндамалар жасалды. “Дөңгелек үстел” басында Ясау мұрасы жайында Түркия ғалымдарымен тұнғыш рет жүзбе-жүз отырып, пікір алысу болды.

Ясаудің діни қызметін, ілімін, түркі халықтарының рухани әлеміндегі орнын зерттеу біршама жан-жақты, толық, жүйелі турде жүргізіліп келгенімен және жүргізіліп келе жатқанымен, ясауитандың аса мәнді әрі қажетті бір қыры – оның тілін зерттеу қазақ филологиясында кенжелеп келеді.

Қазақ ғылымының көнінде жарық көріп жатқан үлкендікішілі зерттеу жұмыстары, негізінен Ясаудің өмірбаяны, діни қызметі, ұсынған уағыздарының мәні, суфизм ағымы, оның түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы тарихында көріну формалары, Ясаудің әлеуметтік-этикалық қозқарастары

жайында. Қыскасы, Қожа Ахмет Ясауи кім және оның діни-идеологиялық жолы қандай болды деген әңгіме (зерттеулер) басым болып келе жатыр. Ал Ясауи мұрасының және жалпы сопылық поэтикалық мектептің тілін өз алдына зерттеу нысаны (объектісі) етіп, барлық параметрі жағынан, яғни фонетикалық-графикалық сипаттын, орфограммалық түркын, лексикалық құрамын, морфологиялық бітімін талдап-тандытудың қажеттігі даусыз. Сондықтан бұл проблемалар дүние жүзі ғалымдарының назарын аудармай тұра алмағандығы да белгілі.

Орта ғасырлардағы (XI-XVI ғ.) түркі жазба ескерткіштерінің тілін зерттеудің бір ұшы сол кезеңдердегі, яғни ескі (көне емес) түркі әдеби тілдерінің сипаты, бір-бірінен айрым белгілері және қазіргі түркі тілдеріне қатысы (жақындығы, алыстығы) деген проблемаларға барып тіреледі. Өйткені белгілі бір ескерткіштің немесе жеке бір қаламгердің тілін зерттеу – жалаң археографиялық немесе фактографиялық ізденістер емес, бұлардағы іздеп отырған объектілеріміздің бар-жоғын, сипаттын көрсетуде белгілі мақсат көзделеді: талданған (баяндалған) фактілерді, айталық, ескерткіштің лексикалық құрамының генезистік қабаттарын, фонетикалық жүйесін, грамматикалық құрылымын не үшін талдап, түгендеп отырмыз, ол фактілер неден хабар береді, қандай теориялық тұжырымдар айтқызады деген сияқты мақсат-мұраттар көзделеді.

Міне, осы тұрғыдан келгенде XII ғасырдың тақырыбы мен стилі жағынан басқалардан өзгеше тұрған түркі ескерткіші – Ясаудің “Хикметтерінің” тілі мен стиліне, тілдік сүйегіне атақты түркітанушылар П.М.Мелиоранский, акад. К.Залеман, акад. С.Е.Малов, А.К.Боровков, проф. Ф.Көпрулұ, А.Н.Кононовтардан бастап, Ә.Нәжіп, Н.А.Басқаков, А.М.Шербак, Э.Рустамов, К.Ераслан, А.Серткая, А.Ержиласун сияқты өзбек, орыс, түрік ғалымдары назар аударып, сөз етті және сөз етіп келе жатыр. Бұл жерде тек Ясаудің тіліне қатысты пікір айтқан ғалымдар ғана аталаип отыр.

Соңғы 10-15 жыл барысында Орта Азия елдері мен Түркия ғалымдарының ішінде, әсіресе жастар арасында Ясауи мұрасының, Ясауийа мектебінің тілі мен стилін өр қырынан талдап, танытып жатқандар бар екендігі даусыз болар, бірақ ғылыми байланысымыз біраз уақыт үзіліп қалған соңғы

жылдарда түркологияның барша табыстарын біле алмай қалғанымызды ескертеміз.

Суфизм мен Ясауийа ағымының тарихы ұлы шейхтың дүниетанымы, оның ата тегі мен білім алған орындары, үстаздары, шәкірттері мен кейінгі ізбасарлары туралы үлкен зерттеулер жүргізіп, әр алуан пікірлер айтқан шетелдік ғалымдардың (фон Г.Э.Грюнбаум, Дж. Тримингэм т.б.), орыс ғалымдарының (В.Д.Греков, В.В.Бартольд, А.Л.Гаррицкий, С.Э.Бертельс, В.А.Гордлевский, С.Г.Кляшторный, Т.М.Султанов т.б.), түркі ғалымдарының (Ф.Көпрулұ, Ерхан Айдын, К.Ераслан т.б.), қазақ ғалымдарының (М.Дулатов, Мәшіұр Жұсіп Қөпееев, Ж.Аймауытов, Қ.Жұбанов пен Ж.Жолаев, Ә.Марғұлан, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, К.Тәжікова, М.Жармұхамедов, С.Дәуітов, М.Шағиғи, Ә.Күмісбаев т.б.) есімдері бір болек тұрса, Ясаудің поэтикалық мектебінің тілі мен стилін сөз еткен және хикметтер мәтінін біршама талдан, түйін-тұжырымдарын ұсынған жоғарыда аталған шетелдік те, әсіресе орыс түркологтері де ішінара өзбек, түрік, қазақ филологтері мен тіл мамандарының да есімдері бір төбе.

Қазақ мәдениетінде Ясауи мұрасының, оның суфистік ілімінің зерттелу тарихын біршама жақсы баяндаган еңбектер де көріне бастады. Солардың ішінде ғалым С. Дәуітұлының “Диуани хикмет” хақында” (Алматы, 1998) атты кітабын; суфизм мен Ясауийа ағымының тарихын, дүниетанымын зерттеуші Айдар Әбуовтің “Кожа Ахмет Ясауи дүниетанымын зерттеудің тарихи-философиялық аспектісі” (жинақ: Ясауи тағылымы. Түркістан, 1996) атты мақаласы сияқты жұмыстарды жақсы атауға болады. Әрине, Ясауи мұрасы мен идеологиясы жайындағы күні бүгінге дейін жарық көрген үлкенді-кішілі еңбектерді (тек қазақ мәдениетінде ғана емес, озге елдегілерін де қамтып) жүйелеп, сұрыптаپ, Ясаутану саласының өзекті мәселесі ретінде өз алдына жеке зерттеулер жүргізіле беруге тиіс (жүргізіліп жатқан да болар) және бүндай ізденістерге тарихшылар, дін тарихын зерттеушілер, философтар, әдебиеттанушылар, тіл мамандары жеке-жеке де, бірлесіп те барса, еңбек жемісті де нанымды болмақ.

Ал Ясаудің тілін зерттеу – өз алдына үлкен сала. Бұл салада да дүниежүзілік ғылымда, орыс түркологиясында, қазақ филологиясында ізденістер, зерттеулер, еңбектер жок емес. Әсіресе Ясаудің тіліне қатысты жалпы пікір айтқан-

дар барының, ал жеке бір қолжазбасы немесе басылымының мәтінін алғып, оған лингвистикалық талдау жасаушылар кемде-кем. Сондай лингвистикалық зерттеулердің бірегейі – орыс ғалымы К.Боровковтың очеркі. А.К.Боровков “Советское востоковедение” журналының 1948 жылғы V нөмірінде “Очерки по истории узбекского языка (определение языка хикматов Ахмада Ясеви)” деген қолемді мақаласында өзі атағандай “алдын ала ізденистерге” (“предварительные разыскания”) барады. Ол ізденистерді тек бір қолжазбаның мәтіні бойынша жүргізеді. Қолжазба – орыс ғалымы акад.К.Г.Залеманның XIX ғасырдың соңғы кезінде Самарқанд қаласынан Ресейге алып шыққан нұсқа болатын, бұл қолжазба шамамен XVII ғасырдың соң тұсында хатқа тұскен ең әріректегі қолжазба екендігі жоғарыда айтылды.

Бұл очеркте А.К.Боровков Ясаудің мұрасы, оның қолжазбалары мен басылымдары туралы мәлімет бере келіп, Ясауи мұрасы деп жүрген дүниенің барлығы онікі еместігін, бұл поэтикалық мектепте “Хикметтер” айтушылардың көп болғандығын сөз етеді және олардың жиырма тоғызының аты-жөндерін көрсетеді, туындыларын талдайды. Біз үшін, яғни Ясаудің тілін зерттеуде мәні аса зор материал ғалымның хикметтердің ішінара лексикасын, әлдеқайда көбірек морфологиялық құрылымы мен фонетикалық ерекшеліктерін талдаған тұсы. Эрине, бұл – жүйелі түрде, белгілі бір тәртіппен (мысалы, әр сөз табын бөліп алғып, олардың жеке категориялық түлғаларын көрсету сияқты) жасалған талдау емес, дегенмен нақты фактілерді көрсеткен жақсы зерттеу үлгісі. Осы фактілерге қарап, Ясауи тілі шығыс түркі әдеби тілінің дәстүрін сактаған, оған кейінгі ғасырларда қосылған үстемде элементтер мұны ескі өзбек тіліне (шагатай тіліне) жақыннатады деген тұжырымға келеді, сөйтіп, мақаласының аты айтып түрғандай, Ясауи тілінің бұл талдауын өзбек тілінің тарихына қатысты ізденис (зерттеу, талдау) деп санайды. Қысқасы, А.К.Боровков бұл очеркінде: “Ясауи мұрасы өзбек әдебиеті мен өзбек тілінің ертерек кезеңдегі тамаша беттерінің бірін ашады” деп түйеді<sup>7</sup>.

Ал бұндай түйін-тұжырымнан едәуір өзгеше айтылған пікірлер бары мәлім.

Түркі жүртшылығына Ясауді ең алғаш кеңірек таныс-тырған түрк ғалымы проф. Мехмет Фуад Көпрулұ (орыс

<sup>7</sup> Боровков А.К. Аталған еңбек, 250-бет.

тіліндегі ғылыми әдебиетте кобінесе Купррюлю-заде деп беріледі) 1913 жылы жазған “Ахмет Ясауи мен оның шағатай әдебиетіне ықпалы” деген мақаласынан бастап, кейінгі “Түркі әдебиетіндегі алғашқы сопы-акындар” атты кітабында 1918 жылы Стамбулда жарық көрген монографиясында Ясауидің өмірі мен діни қызметін, көзқарастарын көнінен сөз етеді, бірақ мұнда ғалым хикметтердің тілін талдамайды, оның себебін өзі түсіндіреді: “Түркі тілі тарихы – құні бүгінге дейін бүтіндей тәрк етіліп, мән берілмеген сала. Бұл жайында комекке үмтүлжынын ешқандай жан-жақты зерттелген еңбек жоқтың касы және тіл білімі біздің саламыз болмаганы үшін (айырып көрсеткен біз – Р.С.) бұл жөнінде біз беретін мәліметтер мен ұсынатын пікірлердің, әсіресе тілші, тіл маマンдары тарапынан қайтадан зерттелуі қажет деген ойдамыз”<sup>8</sup> (проф. Көпрулұ бұл пікірін 1918-жылдары айтқан, ол кезде, әрине, А.К.Боровков, Ә.Нәжіп т.с.с. белгілі орыс түркологерінің Ясауи тілін зерделеген еңбектері әлі жазылмаған болатын). Проф.М.Ф. Көпрулұнің бұл құнды енбегін жас түрік ғалымы Кенан Koch қазақ тіліне аударып, 1999 жылы жеке басылым етіп жарыққа шығарды. Осы еңбек (кітап) жайында біз толығырақ баяндаپ, қазақ оқырмандағына таныстырыған болатынбыз.<sup>9</sup> Дегенмен проф.Көпрулұ Ясауи хикметтерін түркі тілдері тарихы түрғысынан зерттеуге, яғни оның тілдік негізі (“қандай тіл ортасына жататыны”) туралы өз пікірін білдірген. Әуелі мұндай пікірді үзілдікесілді айту үшін Ясауи хикметтерінің сенімді (канондық) мәтіндері жоқтығын, тіпті қөптеген хикметтердің Ясауидің өз қаламынан шықпағандығына шек келтіруге болатындығын баса айтады (бұл пікірді орыс ғалымдары да жақсы айтқан болатын). Бұл ғалым Ясауидің тегін аргу түркілеріне апарады, ал аргулар, шігілдер, яғмалар, тохсылар қарлұқ тобын құрайды дей келіп, Ясауидің ана тілі оғұз диалектісі емес<sup>10</sup> дейді, демек, Ясауи хикметтерінің тіліне оғұз тілдерінің біршама ықпалы болғанымен, оның негізі қарлұқтық деп түйеді және түркі әдебиетінің “Құтадгу білікке” ең жақын үлгісі деп таниды. Проф. Көпрулұнің бұл пікірін орыс

<sup>8</sup> Көпрулұ М.Ф. Қожа Ахмет Ясауи. Танымы мен тағылымы. Шымкент, 1999. 177-бет.

<sup>9</sup> Сыздыкова Р. Ясауи мұрасының зерттелу тарихынан. – ҚР ҰҒАНЫҢ хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 2000. № 5-6. 3-5-беттер.

<sup>10</sup> Көпрулұ М.Ф. Қожа Ахмет Ясауи. Танымы мен тағылымы. Шымкент, 1999. 198-бет.

галымы А.К.Боровков "накты тілдік талдаулармен дәлелденбекен тұжырым" деп сынайды<sup>11</sup>. Түркологияда Ахмет Ясаудің тіліне қатысты жалпылай да, ішінде нактылай да (азды-көпті лингвистикалық талдаулармен) айтылған пікірлер, болжамдар, тұжырымдар аз емес. Өйткені Ясаудің "Хикметтері" сияқты ғажайып ескерткіш қай жағынан да, оның ішінде тілі жонінен дүниежүзі ғалымдарының назарын аудармай тұра алмағандығы белгілі.

Орта ғасырлардағы түркі әдеби тілдерінің қалыптасуы мен дамуы проблемасымен шетелдік ғалымдарды былай қойғанда, В.В.Радлов, С.Е.Малов, П.М.Мелиоранский, А.Н.Самойлович, К.Г. Залеман, А.Н.Кононов, А.К.Боровков, Э.Н.Наджип, Э.Р.Тенишев, А.М.Щербак, Э.Фазылов, С.Н.Иванов, Н.А.Басқаков, З.Мухамедова сияқты ішегері буын түркологтер айналысты. Бұл ғалымдар белгілі бір ескерткіштердің тілін лингвистикалық түрғыдан талдап, олардың сипаттамасын берді. Бұларда да Ясаудің тілінің түп негізі, қазіргі түркі тілдеріне қатысы (алыс-жақындығы, ілкестестігі) туралы ұсынылған түйін-тұжырымдар өр түрлі, тіпті бір-біріне қарама-қайшы келіп жатады. Әр зерттеуші өз танымына қарай әр түрлі түйін түйген. Ақад. А.Н.Кононов: Ясаудің тілі көне үйғыр және хорезмдік түркі әдеби тілінің нормаларына, яғни Қарахандар мемлекетіндегі қарлұқ-үйғыр жазба тілінің үлгілері "Құтадғу білік" пен "Алтын йаруқтардың" тіліне жақын деп топшыласа, Әмір Нәжіп Ясауді поэзиясының тілі грамматикалық құрылышы мен лексикасы жағынан "Құтадғу біліктен" де, әз-Замахшаридің "Муқаддимат әл-әдаб" атты шығармасынан да бөлектеніп тұратындығын айтады. XI-XIV ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері тілін арнайы зерттеген Ә.Нәжіп: "Құтадғу біліктің" негізі "д-з" тобындағы қарлұқ-үйғыр тілі болса, Ясауді хикметтері тілінің негізі (сүйегі) "ј (ї)" тобындағы қыпшақ тілі, оған оғуз тайпалары тілінің элементтері қосылған, демек, бұл әдеби тіл *аралас* сипат алған, ол Сырдарияның төменгі ағысында (қазіргі Қазақстан жерінің бір бөлігінде) пайда болған және Қарахандар кезеңіндегі қарлұқ-үйғыр әдеби тіліне қарама-қарсы түрде XII ғасырда дүниеге келген тіл деп табады<sup>12</sup>.

<sup>11</sup> Боровков А.К. Очерки по истории узбекского языка (определение хикметов Ахмада Ясеви). – Советское востоковедение. М., 1948. V . 246-бет.

<sup>12</sup> Наджип Э.Н. Кипчакско-огузский литературный язык мамлюкс-кого Египта XIV века. Автореферат докт. дисс. М., 1965. Стр.9.

Ә.Нәжіптің танымы бойынша, XIV ғасырда Алтын Орда-да екі әдеби тіл: оғұз-қыпشاқ және қыпشاқ-оғұз тілдері омір сүрген (қызмет еткен). Алғашқысының негізінде Хорезмнің солтүстік өнірінде пайда болған “Құтадғу білік” ескерткішінің тілі жатады, оған үйғыр жазба дәстүрі катты ықпал еткен, ал қыпشاқ-оғұз әдеби тілінің негізінде Сырдарияның төменгі ағысында пайда болып, Мысырға дейін етек жағған Ясауи тілі жатыр дейді<sup>13</sup>. Ясауи тіліне “Мұхаббат-наме”-нің тілі мен Алтын Орданың XIII-XIV ғасырлардағы ескерткіштерінің тілі жақын келеді деғенді де айтады<sup>14</sup>.

Корнекті түркітанушы А.М.Щербак “Хосрау ýа Шириң” поэмасының тілі Ясауи тілінің ерекшеліктеріне сәйкеспейді деу арқылы “Хикметтер” тілінің негізі оғұз тайпаларының тілі емес деген пікірін білдіреді. Ал А.Н.Самойлович Ясауи хикметтерінің, Рабгузидің “Қысас ул-әнбийасының” тілдерін, сондай-ақ “Мұхаббат-наменің” тілін шағатай тілі, шағатай әдебиеті (оғұз-қарлұқ тілі тобына) дегендеге жатқыза алмаймын дегенді батыл айтады<sup>15</sup>. Кейбір зерттеушілер Ясауи тілі орхон жазбалары тілімен де іліктеседі дегенді де білдіреді<sup>16</sup>. Түркі тілдерінің дамуы мен қалыптасу барысын арнайы зерттеген белгілі түрколог Н.А.Басқаков Ясаудің “Хикметтері” мен оның ізбасары Ахмед Юғнакидің “Іибат әл-хақайик” атты шығармасының тілі оғұз-қыпشاқ диалектілеріне негізделген, оған көне үйғыр тілінің ықпалы күшті болмаған, бұлардың тілі батыс (оғұз-қыпشاқ) түркі әдеби тіліне жатады дейді. “Құтадғу білік”, Рабгузидің “Қысасул-әнбийасы” шығыс (қарлұқ-үйғыр негізді) түркі әдебиетінің үлгілері деп санайды<sup>17</sup>.

Орта ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерінің тілін нағыз лингвист маман ретінде ұзак жылдар бойы зерттеген белгілі ғалым Ә.Нәжіп XIV ғасыр ескерткіштері: Хорезмидің “Мұхаббат-намесі” мен Сейф Сараидің “Гулистанына” лексика-грамматикалық сипаттама жасап, сөздіктерін түзdi. Ғалым бұлар тілдік негізі жағынан XII ғасырдағы Ясауи

<sup>13</sup> Наджип Э. Заслуги арабских филологов в области изучения тюркских языков. – Кн. Семитские языки. Вып. 2, ч. 2, М., 1965.

<sup>14</sup> Наджип Э. Мұхаббат-наме. М., 1961.

<sup>15</sup> Самойлович А.Н. К истории литературных средневековых турецких языков. – Сб. “Мир-Али-Шир”, Л., 1925.

<sup>16</sup> Рустамов Э. Ахмад Ясави хикматларида тарих ва хаёт садоси. – Узбек тили ва адабиети. 1972. № 4.

<sup>17</sup> Басқаков Н.А. Тюркские языки. М., 1960., стр. 48.